Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

4 маусым сейсенбі
№44 (2054)
2024 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

ЕЛДІК БЕЛГІСІ – ЕНШІ МҰРА

Мемлекеттік ту, елтаңба, әнұран – тәуелсіздігіміздің белгісі, ажырамас бөлігі. егемендік пен біртұтастық танымын әлемге танытатын құндылықтар. Тәуелсіздікті сақтау, қадір-қасиетіне жету рәміздерімізді құрметтеуден басталады десек, артық емес. Сондықтан отансүйгіш қасиеттің қайнарын қастерлеу, қадірін білу, тарихымен танысу – әрбірімізге артылған жүк.

Сөзсіз, азаттықтың алғашқы атрибуты – мелекеттік рәміздер. Бұл кез келген елге тән заңдылық. Дербес шешім қабылдай алатынын, өзіндік ұстанымы бар екенін білдіретін бірден-бір тетік. Қазақстан да егемендігін жариялаған кезде Тәуелсіздік декларациясы рәміздерді бекітті.

Саяси мәртебесін айшықтап, 1992 жылы ту мен елтаңба белгіленіп, әнұран мәтіні нақтыланды.

Тәуелсіздігін енді жариялаған еліміз үшін мемлекеттік рәміздерді қабылдау расында да жеңіл бола қойған жоқ. Тиісті мемлекеттік органдар мен мекемелер аса жауапты істі жан-жақты ізденіспен, мұқият дайындықпен қолға алды. Алдымен 1992 жылдың басында Жоғарғы кеңестің төралқасы мемлекеттік символиканы дайындау бойынша жұмыс тобын құру туралы қаулы қабылдады. Осы құжатқа сәйкес арнайы шығармашылық комиссия құрылды. Оның құрамына белгілі заңгерлер мен қоғам қайраткерлері енді.

2-БЕТТЕ



Нұрбол НАҒЫМАДИНОВ,
Қызылорда қалалық ветеринариялық стансаның эпизоотолог дәрігері:

«СОЛ ШАҚЫРТУ ЕСІМНЕН КЕТПЕЙДІ...»

«Малым – жанымның, жаным – арымның садағасы» деп тіршілігін төрт түлікпен байланыстырған әр қазаққа ветеринар дәрігердің жұмысы жіті таныс. Қайнаған тіршіліктің қазанында «мал ашуы – жан ашуы» дейтін ел бүгінде малын қалай емдейді? Өңірде бұл саладағы мамандардың деңгейі қаншалықты? Дамыған қоғам бұл салаға қандай жаңашылдық әкелді? Осы сауалдар төңірегінде Қызылорда қалалық ветеринариялық стансаның эпизоотолог дәрігері Нұрбол Нағымадиновпен әңгімелескен едік.

– Нұрбол Жеткерұлы, былайғы жұрт мал дәрігерінің жұмысын біле бермейді. Негізгі жұмыстарыңызға не кіреді?

– Ә дегенде біздің ең басты міндет ауыл шаруашылығы жануарларына байланысты аса қауіпті аурулардың алдын алу десек түсінікті болар. Қала бойынша адам мен жануарларға ортақ 14 түрлі аса қауіпті әрі жұқпалы ауру бар. Қала және қалаға қарасты ауылдық округтерде соларға қарсы вакциналарды жоспарлаймыз, егеміз. Бұл жұмыс әркез қадағалауда. Өйткені аса маңызға ие. Бір шалыс басқан қадам қоғамға зиян әкелуі мүмкін. Бірдейлендіру дерек қорына жаңа туған төлдерді тіркейміз. Кезеңкезеңімен вакцинациялаймыз. Осының барлығы жүйелі жүргізіледі. Біздің дерекқор базасында мұның барлығы тіркеліп, көрініп тұрады.

2-БЕТТЕ

5 МАУСЫМ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

ҚОРШАҒАН ОРТА ҚАМҚОРЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Қоршаған ортаны қорғау – әлемдегі басты мәселе. Айналамыздағы барлық нәрсе қоршаған ортаны құрайды және біз оған қамқорлық жасауға міндеттіміз. Адамның кейбір әрекеті табиғатқа теріс әсер етуде, бірақ бірлескен әрекет арқылы әсерлі нәтижелерге қол жеткізе аламыз. Шығындарды шектеу, қорықтар құру, балаларды экологиялық мәдениетке тәрбиелеу ортақ үйіміз – планетаны сақтауға көмектесетін шаралардың бір бөлігі ғана.

Жыл сайын 5 маусымда атап өтілетін Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні – планетамыздың экологиялық проблемаларына назар аударуға арналған маңызды мереке. Бұл күн 1972 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясымен бекітіліп, содан бері қоршаған ортаны қорғау мәселелерін талқылау және шешу үшін маңызды жаһандық алаңға айналды. 1973 жылдан бері БҰҰ қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының жетекшілігімен жыл сайын атап өтілетін дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні ғаламшарды қорғауға әлемнің түкпір-түкпірінен миллиондаған адам қатысатын ең үлкен жаһандық экологиялық платформаға айналды.

3-БЕТТЕ

ҚҰМАР ОЙЫННЫҢ ҚҰРСАУЫ

Бүгінде лудомания немесе ойынқұмарлық – әлемге жайылып бара жатқан алапат эпидемия, жас талғамайтын психикалық індет. Бұрын казино, карта ойнау секілді құмар ойындар интернеттің және TikTok секілді әлеуметтік желілер пайда болғалы аясы бұрынғыдан кеңейіп, виртуалды әлемде де қанша адамды құрығына түсіріп жатыр.

Бұл тақырыпта жазуымызға қала тұрғыны, зейнеткер қария себеп болды. Бірде қаладағы банктің бірінде мынадай жайттың куәсі болдым. Несие төлейтін кассаға келіп, қалтасынан жүз мыңнан аса ақшасын санап, «шалым екеуміз зейнетақымызды аламыз да, ұлымның несиесін төлеуге келемін. Әбден шаршатты, ойын ойнап, қарызға батты» деп ішіндегісін банк маманына ақтарып жатқанының куәсі болдық. Содан қариямен көзбе-көз сөйлескенді жөн көрдік.

4-БЕТТЕ

BBC NEWS

MI6: Жансыз жазалана ма?

Кейде ел қауіпсіздігі барлау қызметінің жұмысына тәуелді болуы ықтимал. Тәуекел де осы тұста шығады. Себебі қорғану үшін қам жасау, өзге елдің аңысын аңдау еларалық кикілжіңге ұласуы мүмкін. Мұны жақында болған ҚХР мен Ұлыбритания арасындағы даудан аңғаруға болады. Қытай билігі ағылшындарды тыңшылық жасады деп айыптап, бұл әрекетке қатаң жауап беретінін айтты.

Апта бойы әлемдік ақпарат агенттіктердің назарында болған мәселеге Ұлыбританияның MI6 (ағл. Military intelligence) жүйесі кінәлі. Бұл жүйе – өткен ғасырдың басында құрылған құпия саяси барлау қызметі. Негізгі қызметі, аты айтып тұрғандай, тыңшылық, барлау жолымен қажетті ақпаратқа қол жеткізуге бағытталған. Ғаламдық соғыс пен саяси шешімдер кезінде АҚШ пен Ұлыбританияға көмегі көп болды.

Міне, Қытай осы жүйенің өкілдері шенеуніктерге үгіт-насихат жүргізді деп санайды. ҚХР ресми мәлімдемесіне сүйенсек, қытайлық ерлі-зайыпты шенеуніктер MI6 барлау қызметіне көмектесіп, Қытайда ақпарат жинауға мүмкіндік берген. Қазір тергеу жүргізілуде.

Дүйсенбіде BBC арнасының тілшісі Келли Ниг оқиғаға қатысты арнайы хабар таратып, толымды мәлімет жариялаған. Тіпті күдіктінің аты-жөні мен қызмет жолы туралы ақпараттарды біліпті.

«ҚХР өкілдерінің айтуынша, Ван текті шенеунік бірнеше ай ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіретін ақпараттарды таратқан. Ол үшін Ұлыбритания тарапынан қомақты қаржы алып, кейін MI6 өкілдері тығыз жұмыс істеуге ұсыныс жасаған. Жан-жақты қолдау мен қаржылай көмек көрсететініне сенген ол британдықтарға көмектесуге келіскен.

Оқиға 2015 жылы Ванның арнайы бағдарламамен Ұлыбританияға іссапармен барған кезінде басталған. MI6 ұйымы оны түскі асқа шақырып, кейін құпия кездесулерге апарған. Бірлесе жұмыс істеуге келіскен соң жансыздарға арналған арнайы дайындықтан өтіп, ақпар жинау мақсатында ҚХР-ға қайта оралған», – дейді тілші.

Соңғы айларда Ұлыбританияның барлау қызметі БАҚ-та ашық айтыла бастады. Мысалы, жақында ғана The Daily Telegraph басылымы Ұлыбритания билігінің қауіпсіздік қызметіне тапсырма бергенін жазған болатын. Онда барлау қызметі Иран, Қытай, Ресейге басымдық беріп, бақылауды күшейтілетіні айтылды. Ізінше барлау қызметінің басшысы Кен Маккаллум мұның зардабын жеткізіп, 10 мыңға жуық ұлыбританиялық кәсіпкер, нейрожелі жасаушы өнертапқыш, кванттық есептеу ғалымы, синтетикалық биология мамандарына қауіп төнетінін ескертті. Айтуынша, оларды өзге елдер жансыз деп есептеп, қысым күшеймек.

Бұған сенбеске амал жоқ. Өткен айда Ұлыбританияның Мейденхед қаласында 37 жастағы әскери қызметкер Мэтью Трикеттің денесі табылды. Ол бұған дейін Гонконгта тыңшылық жасады деп айыпталған еді.

«Ұлыбританияда да ҚХР-ға жұмыс істеген деп есептелетін азамат жетерлік. Қозғалған іс көп. Мысалы, өткен жылы күзде Лондонда Парламент депутатының көмекшісі құрықталды. Құқық қорғаушылардың сөзінше, ол Қытай тарапына болысқан, тыңшылық жасаған. Бірнеше жыл парламенттегі халықаралық саясат пен Бейжіңмен арақатынас мәселесімен айналысатын депутаттармен жұмыс істеген», – дейді Келли.

Айыпталған ерлі-зайыптылардың арғы тағдыры белгісіз. Қытайдағы WeChat желісінде Ұлттық қауіпсіздік министрлігі күдіктілердің аты-жөні мен тағылған айыпты ғана айтқан. Тергеу ісі туралы мәлімет құпия күйінде қалуда.

4-БЕТТЕ

Баспасөз-2024

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2024 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

ЖАҢА МЕДИЦИНАЛЫҚ БЕКЕТ АШЫЛДЫ

Досандықтар енді басы ауырып, балтыры сыздаса жаңа заманға сай медициналық бекетте ем қабылдайтын болды. Қосшыңырауға қарасты қос ауылдың бірі саналатын елді мекенде заманауи медициналық бекет пайдалануға берілді.

Жаңа нысан «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында бой көтерді. Бекеттің құрылысына 138 миллион теңге қаралған. Мердігер «Интегрострой» ЖШС барлық талапқа сай жұмыс істеген. Қала әкімі Серік Қожаниязов ауыл тұрғындарын жаңа нысанның пайдалануға берілуімен құттықтап, денсаулық сақтау саласындағы келелі істерге тоқталды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды» деп, елдің басты құндылығы – адам денсаулығын дамытуды алға қойды. Бүгінде қаламызда ел Президентінің тапсырмасына орай, Үкіметтің қолдауымен, аймақ басшысының үйлестіруімен осы бағыттағы ауқымды жұмыстар жүйелі жүзеге асып келеді. Оның нақты дәлелі, жыл басында көпбейінді облыстық аурухана базасында жаңа МРТ аппараты іске қосылып, 70 орындық перинаталдық бөлім ашылды. Облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» реабилитациялық орталығы құрылып, денсаулық сақтау саласына қажетті аса қымбат дәрі-дәрмектер алынды. Сонымен қатар құны 1 млрд 100 млн теңге тұратын онкологиялық скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешен іске қосылды. Медициналық кешенде компьютерлі томограф, цифрлық рентген, ультрадыбыстық аппарат қаралған. Ең ауқымды жоба, шаһарда 36 млрд 400 млн теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бұл ауруханадан бөлек, жақын күндері құны 2 млрд 900 млн теңгені құрайтын облыстық Қан орталығын пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Осының барлығы халық денсаулығын жақсартуға бағытталған жұмыстардың нәтижесі, – деді Серік Салауатұлы.

Медициналық бекетте 7 қызметкер жұмыс істейді. Ашылу салтанатында сөз алған медицина саласының үздігі, «Алтын дәрігер» төсбелгісінің иегері Сағындық Шәмшиев тұрғындарды құттықтап, игі тілегін білдірді. Сондай-ақ мердігер мекеме өкілдері мен ауыл азаматтары марапатқа ие болды. Қосшыңырау ауылдық округінің халқы мұнан бөлек те бірқатар мәселені шаһар басшысына жеткізіп, көпшіліктің тілеуін айтты.

– Биыл ауылдық округті дамытуға барлық бюджет көздерінен 867 млн 900 мың теңге қарастырылды. Соған сай ауқымды жобаларымыз бар. Абай ауылына жабық спорт кешенінің құрылысына жобасметалық құжаттары әзірленуде. Ал 1987 жылы пайдалануға берілген №138 мектепке күрделі жөндеу жүргізу орынды. Алдағы уақытта оның да түйіні шешілуі тиіс. Электр желісін тарту бойынша республикалық бюджеттен 50 млн теңге бөлінді. Мердігер «Техсервис» ЖШС, – деп шаһар басшысы заң шеңберінде шешілуі тиіс шаралар бойынша сала мамандарына тапсырма берді.

Жиын соңында ардагерлер шаһар басшысының ауылға жасаған әрбір қолдауына ризашылығын білдірді.

Ақмешіт-ақпарат

Нұрбол НАҒЫМАДИНОВ,
Қызылорда қалалық ветеринариялық стансаның эпизоотолог дәрігері:

«СОЛ ШАҚЫРТУ ЕСІМНЕН КЕТПЕЙДІ...»

– Төрт түліктен береке тауып, мінсе – көлік, ішсе – сусын, жесе тағам еткен қала аумағындағы қазақтың мал басында өсім бар ма? Атакәсібіміз кейін қалып бара жатқан жоқ па?

– Мүлдем олай емес. Қазақ қазақ болғалы ұлтымызбен біте қайнасып келе жатқан кәсіп. Сондықтан қазақ барда мал шаруашылығы да тұраламайды. Заман талабына сай жаңартып, кәсіпті икемдеп келеді. Пандемия кезінде жұртшылық саумал іздеп сенделіп кетті ғой. Ата-бабамыз біліп айналысқан кәсіпті экономикасының нығаюына, халықтың қолы аузына жетуіне септігін тигізіп келеді. Міне, мұның өзі біздің атакәсіптен ажырамайтынымыздың, мал шаруашылығы күннен-күнге өзінің маңызын арттырып келе жатқанының көрінісі. Ал енді статистикаға мән берсек, осы күні Қызылорда қаласы және қалаға қарасты ауылдық округтер мен кенттерде 27 мың бас мүйізді ірі қара бар. Ал уақ мал 33 мың басқа жетті. Түйе саны 2500 болса, 16 мың бас жылқы бар. Сондай-ақ 500 бас шошқа бар. Осы ауылшаруашылық жануарлары тұрғындар мен жеке қожалықтарда тіркелген. Олардың ветеринариялық іс-шараларының барлығы біздің мойнымызда. Көктем және күз мезгілдерінде қан сынамалары алынады. Арнайы лабораторияларда тексеруге жеткізіледі.

– Мал ұстаған жанның ең жақын досы ветеринар дәрігер болады ғой. Қазіргі шақыртулардың деңгейі қаншалықты? Дер кезінде барып көмектесуге мүмкіндіктеріңіз бар ма?

– Қалаға қарасты әрбір ауылдық округтерде ветеринариялық пункттер жұмыс істейді. Малы ауырып тұрған тұрғын сондағы ветеринар дәрігерге хабарласады. Ал дәрігер ең әуелі науқас малды көріп шығу керек. Дәрігердің өзімен бірге ішіне ең қажетті деген дәрі-дәрмек салынған термочемоданы жүреді. Ауру анықталғаннан кейін емдеуге кіріседі. Аурулардың өршитін уақыты әртүрлі. Осы кезде біздегі жағдай тұрақты. Міне, осы тұрақтылық – елді мекендердегі ветеринар дәрігерлердің еңбегі. Олар барлық вакцинациялау мен іс-шараларды дер кезінде атқарып, уақытылы ем жасап жүр.

– Салт пен дәстүрді берік ұстанған халқымыз осы мал ауырған жағдайда да қазақы емге жүгінген. Мәселен, өт ауруы болғанда сиырдың аузына тірі құрбақа салатын. Кейбір елдерде түйенің ауыр дертіне қарсы улы жыланды пайдаланатын көрінеді. Жалпы мұндай емдер қазір қолданыста ма?

– Әрине, күн өткен сайын заман дамиды. Заман дамыған сайын біздің ғылым да көшке ілесіп келеді. Әрбір ауруға қарсы вакциналар да бар, тіпті ауырған жағдайда емдік препараттардың түр-түрі бар. Өзімнің тәжірибемде қазақы емге жүгінген емеспін. Бізге бекітілген емдеу түрі бар, соны қолданамын. Мәселен, өзіңіз айтып өткен өт ауруы күн ысыған уақытта пайда болады. Бізде бұл ауруға арнайы вакциналар мен дәрі-дәрмектер бар. Алдын ала егу жұмыстары тегін, бірақ мал ауырған жағдайда иесінің қаражаты есебінен біздің ветеринарлық дәрігерлер емдеп береді. Ал дәстүрлі емге келсек, қолданылмайды деп нақты айта алмаймын. Мүмкін, өздері қолданатын тұрғындар бар шығар. Ал біз ғылымда бекітілген жолмен емдейміз.

– Нұрбол Жеткерұлы, осы салада жүргеніңізге 20 жылға жуықтапты. Осы уақыт аралығында қызмет бабында есіңізден кетпейтін шақырту бар ма?

– Әрине... 2014 жыл болатын. Ақпанның ақырып тұрған суығы еді... Қыстың қытымыр мінезі далада бірер сәт бос тұруға мүмкіндік бермейді. Сықырлаған аязы бет қаритын сол жылдың қысы бір ерекше суық болды. Қарауылтөбеден шақырту келді. Тұрғынның айтуынша, сиыр іш тастаған. Бірақ бұзауы түспеген екен. Суы ағып кеткен. Оған екі күн уақыт

өтіпті. Ішіндегі өлі бұзауды алу керек болды. Ал сиыр жатып қалған, тұрмайды. Шақыртуға Нұрлыбек есімді әріптесім екеуміз барғанбыз. Механикалық жарақат алған болуы мүмкін, әйтпесе, ішінде 3-4 айлық бұзауы бар. Сиырдың ішінен өлі бұзауды алу үшін үш жарым-төрт сағаттай акушерлік ота жасадық. Қыстың көзі қырауда осылай сағаттап арпалысқан ота әлі күнге есімнен кетпейді. Кез келген жұмыста халықтың алғысынан артық ешнәрсе жоқ. Біздің еңбегіміздің шынайы бағасы осы. Мен сол сәттегі сезімді сөзбен жеткізе алмаймын. Мамандығым тұрғысында сыналған сәтім екенін білдім және сол сыннан сүрінбей өттім. Арада қанша жыл өтсе де сол шақырту есімнен кетпейді...

– Әр мамандықтың өзінің қиындығы мен ерекшелігі бар. Ветеринар дәрігерге ең бірінші қандай қасиет керек?

– Ең бірінші табандылық керек. Алдыңа мақсат қойып, соған жете алатын, жолдан тайқымайтын, таймайтын осы қасиеттің арқасында мамандықтағы көздеген мұратыңа жетесің. Сосын жиіркенбеу керек. Өйткені ветеринар дәрігер мал емдеу кезінде түрлі жағдайларға тап болуы мүмкін. Ота жасау керек болады, емдеу кезінде мал дәрет жіберуі мүмкін. Осының бәріне дайын болып, мамандыққа келгенде жанкештілік керек. Мал дегенің адам тәрізді тыңдамайды ғой. Ауыздығымен алысқан жылқыларды ұстап емдеу керек кезде де ептілік пен жүректілік қажет-ақ. Қолыңызға инені ұстап алып, жылқыдан, сиырдан өзің үркіп жүрсең, малды кім емдейді? Жиіркеніп, табандылық таныта алмасаң, одан кейін бұл мамандықта уақыт өткізбей-ақ қой. Мамандығың – ол сенің өміріңнің бір бөлшегі. Ол жолда қандай қиындық көрсең де, шыдас беруің керек. Біз мал емдеуде адам мен малға ортақ көптеген қауіпті аурулармен күресеміз. Қауіпсіздік шарасын сақтамасаңыз, өзіңізге де жұғу ықтималдығы жоғары. Сондықтан әрбір қадамымыз тәуекелге толы. Міне, мамандығыңды сүйіп, өзіңді сол саладан көрген соң осындай қиындықтардың өзі сіздің ынта-ықыласыңызды төмендетпеу керек.

– Алдыңғы буынның мамандыққа ынтасын көрдік. Бүгінгі жастың көрінісі қалай? Қазір осы салаға кеп жатқан жас мамандарға көзқарасыңызды білсек... Не айтар едіңіз?

– Әрине, осы салаға келіп жатқан жас мамандардың қатары қалың. Қазіргі таңда жас мамандардың әрбір әрекеті, жұмысқа деген ықыласы адамды өзіне баурап алады. Мысалы, Қарауылтөбе ауылының ветеринар дәрігері өзінің білімділігі мен қабілеттілігін көрсетіп жүр. Осындай талантты жастар Абай, Досан елді мекендерінде, Тасбөгет кентінде бар. Олардың бәрі – оқу бітіргендеріне 3-4 жылдың көлемі болған жас мамандар. Ізімізден еріп келе жатқан білімді жасты көргенде қуанамын. Бұрын аға буын солай дейтін, бізге бар жақсыны үйретуге тырысатын. Енді біз де сол қатарға келе жатырмыз. Орнымызды басатын, ізімізді жалғайтын осындай білімді жастарға болашақты сеніп тапсыра аламыз.

– Қазақ «ашушаң адамға қой бақтыр, ынжық адамға жылқы бақтыр» деп айтады. Қой бақкан адам төзімді, жылқы бақкан адам рухты келеді дейтін. Осы рас па?

– Әрине, бәріміз ауылдан шықтық. Мен ән мен жырдың отанына айналған қасиетті Қармақшы топырағында туып-өстім. Бала күннен қой бақтым. Әкем кішкентайымнан еңбекке баулыды. Маңдай тердің наны тәтті болатынын ұғындырды. Өмір мектебінен алған әрбір сабағын санамызға сіңірді. Менің өмірлік ұстазым – әкем. Бала күнімде ауылдың қойын бағатынмын. Сол жауапкершілікті түсініп, 500-600 қойдың біреуін жоғалтпай, өріске жайып келеміз. Иә, әлгі сіз айтып отырған сөздің түп төркінін де түсініп отырмын. Қиындыққа мойымайтын, сынбайтын төзімді етіп тәрбиелейді. Біздің ұлтымыздың пәлсапасы бөлек қой. Әрбір әрекеттен сабақ алып, өмір мектебін қалыптастыра алады. Ауыл баласының көрген-бақканы мал шаруашылығы ғой, осы мамандықты өзім қалап алдым. Оқыдым, іздендім. Алматыдан оқу бітіріп келгенде де ең бірінші ауылда мамандарға көмекші болып, жұмысқа кірістім. Содан бері 17 жыл өтіпті...

– Әрине, сатылап өскен адамның қызмет жолынан бөлек, дүниетанымы мен көзқарасына да әсер етеді ғой... Қазір университет бітіргеніне үш жыл болғандар министр боп кетіп жатыр деп қынжылатын үлкендердің сөзін көп естиміз.

– Оныңыз рас. Жұмыс барысында көрген әрбір сабақ – өмірлік мектептің бір күні. Сатылап өскен жақсы, мамандығыңның қыр-сырына қанығасың. Барлық жұмысты көресің. Ысыласың, шыңдаласың. Өзің үшін тиімді. Қазір де әріптестеріміз осы бағытпен келеді. Есесіне, өмірлік тәжірибе қоржынын толтырып, өздерін мықты маман етіп бағыттауда.

– Уақыт тауып, сұхбаттасқаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Еңбегіңіз жемісті болсын.

Әңгімелескен **Дәулет ТҰРСЫНХАНҰЛЫ,**
Абылайхан ТҰРСЫНҒАЛИ,
Суретке түсірген **Ерасыл ТҰРСЫНБАЙ**

Басы 1-бетте

ЕЛДІК БЕЛГІСІ – ЕНШІ МҰРА

Көп кешікпей елтаңба, ту және әнұран жобаларын жасауға конкурс жарияланды. Оған қатысушылар алдына күрделі әрі жауапты міндеттер қойылды. Мемлекеттік рәміздер, әсіресе тарихи, саяси және экономикалық символизмге сәйкес келуі тиіс болды. Ал рәміздер жобаларын жасау конкурсында 600-ден астам адам қатысқан екен. Мемлекеттік ту эскиздері бейнеленген шығармашылық еңбектері бар түскен өтінім 1200-ді құраған. Сондай-ақ конкурсқа болашақ елтаңбаның 245 сурет жобасы мен 67 суреттемесі және әнұранның 750 нұсқасы ұсынылыпты.

Сол тұста рәміздердің өзіне ғана емес, оның қолданыс аясы мен идеологияға әсері қоса сараланды. Ел рухын көтеру үшіне мемлекеттік туы олимпиадалар мен түрлі халықаралық сайыста желбіреп, әнұран байрақты бәсекелерде шырқалды. Аспанкөк туымыз ғаламшардың ең биік шыңдарына да, Арктика мен Антарктидаға да, тіпті ғарышқа да тігілді.

Әрбір рәміздің өзіндік символикасы, маңызы бар. Мәселен, ту азаттық шайқасы мен ел қорғаудағы басты белгі. Есте болса, бабалар жорықта ту көтеріп, жеңіске жетсе байрақты бұлғаған. Осы ретте Жәнібек, Баян, Жанатай және Абылай ханның ту ұстаушы батырларының бірі Байғозының ерліктері тарихтан мәлім. Ал екінші дүниежүзілік соғыста рейхстагқа жеңіс туын тіккен қазақ батыры Рахымжан Қошқарбаевтың ерлігі сөзімізге дәлел бола алады.

Бүгінгі тудың меңзейтін тұспалы, көрсететін мысалы – бейбітшілік, ынтымақ, молшылық. Мысалы, байрақтағы әрбір детальдің өзіндік мәні зор. Қыран байтақ өлкені емін-еркін шарлаған қазақтың алмастай өткір рухы мен еркіндігін дәріптесе,

күн бейнесі түркі жұртының жаратылыспен етене жақындығын, терең философиясын аңғартып, тіршілік бастауы білдіреді. Демек, ынтымақ пен бейбіт күннің бастауы деген ұғымға саяды.

Елтаңбаның да танымы тереңде. Рулық басқару құрылымы кезінде әр рудың өз таңбасы қалыптасқанын білеміз. Бұл өзара байланысты нығайтып, дербес өмір сүруге, өзіндік ережеталаптарды сақтауға көмектескен болатын. Кейін кімнің қай руға, аталыққа, тиесілі екенін де таңбасынан қарап ажырататын жайттар кездескен. Қашанда қырандай қырағылық қанында бар текті халық бұрыннан бірлігін бекемдеп, біртұтас ұлтқа айналудың алғышартын осылайша жасағандай.

Бүгінде елтаңбамыздағы қанатты пырақ осының дәлелі болса керек. Елтаңбаның қақ ортасындағы шаңырақ – қазақтың қарашаңырағының қасиетін, жатты жатсынбай, өзгені өзекке теппейтін көңілі дархан, пейілі дария халықтың бауырмалдығын білдіреді. Сондай-ақ бейбітсүйгіш көңілдің арқасында көптеген ұлт пен ұлыстың қасиетті қарашаңырақ астында бір үйдің баласындай күн кешіп жатқанын меңзейді.

Тарихта мемлекеттік рәміздерге байланысты түрлі деректер де кездеседі. Әлем елдерінің туларында ең көп кездесетін рең – қызыл түс екен. Осы түс барлық мемлекет туларының үштен екісінде бар. Одан кейінгісі ақ, көк, сары және қара түсті тулар. Ал төрт өлең жолынан тұратын ең қысқа әнұран мәтіні Жапония мен Иордания елдеріне тиесілі көрінеді. Сондай-ақ 158 өлең жолынан тұратын ең ұзақ әнұран мәтіні Греция елінің әнұраны. «Бостандық әнұраны» деп аталатын оның мәтінін 1823 жылы грек ақыны Дониенос Соломос жазған.

Мемлекеттік рәміздер – ел дамуының ажырамас бөлігі. Сондықтан қазақстандықтардың осы рәміздерге деген құрметі, оларды бойтұмардай қастерлеуі ерекше сезіліп тұруы тиіс. Рәміздер арқылы елімізді бүкіл әлем таниды. Өйткені онда қазақ халқының бастан өткізген тарихы, мәдениеті мен дәстүрі көрініс береді. Жастардың отансүйгіштік сезімін оятады, патриотизмге үндейді, батылдыққа тәрбиелейді. Алғашқы жылдардағыдай емес, қазіргі кезде еліміздің әнұраны мәтінін білмейтін жан кемде-кем. Ол насихаттың жемісі десек, қателеспейміз.

Көкбайрақ көрсе, ұлттық намысы оянып, жүрегі туламайтын қазақ жоқ шығар. Өйткені тудың қасиетін дәл қазақтай түсінетін, сезінетін халық та кемде-кем. Себебі мемлекеттік рәміз тек бүгіннің белгісі емес, ата-бабаның басынан өткен небір нәубет, қанды жылдардың көрінісі. Бүгінгі бейбіт күннің іргетасын қалауға сеп болған боздақтардың асыл арманы Ендігі міндет – туды жықпай, ата-баба арманын мәңгілік ету, рәміздің мәні мен мағынасын келер буынға жеткізу.

Б.ШАҒЫРОВ

АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫ
№44 4 маусым, 2024 жыл

ҚОРШАҒАН ОРТА ҚАМҚОРЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні – әрқайсымыз үшін планетамызды қорғауға өз үлесімізді қосу мүмкіндігі. Әрбір адам кішкентай әдеттерден бастай алады: бір рет қолданылатын пластикті пайдалануды тоқтату, энергияны тұтынуды азайту, жеке көліктің орнына қоғамдық көлікті немесе велосипедті пайдалану, ағаш отырғызу шараларына қатысу және табиғи аумақтарды тазартуға атсалысу. Тұрақты өмір салтына бағытталған әрбір қадам біздің планетамызды болашақ ұрпақ үшін сақтауға көмектеседі.

Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні құрылған күннен бастап ластанумен күресуге, биологиялық әртүрлілікті қорғауға және климаттың өзгеруіне қарсы күресуге бағытталған әртүрлі экологиялық бастамалар мен науқандардың катализаторына айналды. Осы жылдар ішінде пластикалық ластану, шөлейттену, ормандар мен сулы-батпақты жерлерді жоғалту және экожүйелерді қалпына келтіру қажеттілігі сияқты әртүрлі экологиялық мәселелерге баса назар аударылды.

2021 жылғы дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні «Қайта ойлау. Қайта жасау. Қалпына келтіру» тақырыбы таңдалды. Бұл бұзылған экожүйелерді қалпына келтіру және олардың одан әрі жойылуын тоқтату үшін әрқайсымыз өз үлесімізді қоса алатынымызды еске салды. 2022 жылы «Тек бір Жер» ұранымен бірінші дүниежүзілік экологиялық саммиттің 50 жылдығына және адамзаттың жалғыз үйін қорғау қажеттілігіне баса назар аударды. 2023 жылы проблеманы шешуде жаһандық ынтымақтастықтың маңыздылығын көрсете отырып, пластикалық ластануға қарсы күресуге баса ден қойды. Жыл сайын дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне қабылдаушы ел таңдалады, онда негізгі іс-шаралар мен жарнамалық акциялар өтеді. Мысалы, 2024 жылы Сауд Арабиясы жерді қалпына келтіруге және шөлейттену мен құрғақшылыққа қарсы күреске арналған іс-шаралар орталығына айналады. Бұл мерекенің халықаралық сипатын және ортақ экологиялық мақсаттарға қол жеткізуде әртүрлі елдердің күш-жігерін біріктіру қабілетін атап көрсетеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметінше, жыл сайын мұхиттарға шамамен 11 миллион тонна пластик қалдықтары түседі, бұл көрсеткіш 2040 жылға қарай үш есеге артуы мүмкін. Бұл теңіз жануарларының қырылуына, су сапасының нашарлауына және адам денсаулығына зиянын тигізеді. Айналмалы экономикаға көшу 2040 жылға қарай мұхиттарға түсетін пластиктің көлемін 80 пайызға азайтуы мүмкін. Айналмалы экономика – бұл ысырапты барынша азайтуға және ресурстарды барынша пайдалануға бағытталған экономикалық жүйе. Дәстүрлі «сызықтық» модельдің орнына (шығару, өндіру, пайдалану, жою) айналмалы экономика барлық материалдар мен тауарлардың қалдыққа айналмай, мүмкіндігінше ұзақ уақыт бойы пайдаланылуын қамтамасыз етуге ұмтылады. Бұл қайта өңдеу, жөндеу, қайта пайдалану және ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға әсерді азайтуға көмектесетін басқа әдістерді қамтуы мүмкін.

Экологиялық проблемалар жер бетіндегі әрбір адамның өміріне әсер ететінін түсіну маңызды. Мысалы, ормандардың жойылуы және топырақ эрозиясы шөлейттенуге және CO2 шығарындыларына әкеледі. Қоршаған ортаға таралатын улы химикаттар тек табиғатқа ғана емес, адам денсаулығына да зиянын тигізеді.

Ауаның ластануы – адам денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіп төндіретін тағы бір күрделі мәселе. Ластанудың негізгі көзі көлік, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, қалдықтар және тұрмыстық заттар. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, дүние жүзінде тұрғындардың 90 пайыздан астамы ластанудың рұқсат етілген деңгейінен асатын ауамен тыныс алады. Бұл ұйым белгілеген рұқсат етілген сапа стандарттарынан бірнеше есе ластанған және халықтың денсаулығына қауіп төндіретін ауамен тыныс алады. Бұл мәселелерді шешу жаһандық күш-жігер мен әлемнің барлық елдерінің бірлескен іс-әрекетін талап етеді. Қоршаған ортаға қамқорлық жасау бір реттік науқан емес, әркімнің назары мен қатысуын талап ететін үздіксіз әрекет. Ол жаһандық жауапкершілік пен ғаламшарымызды қорғауға белсенді қатысуға, тұрақты даму жолындағы әрбір қадам маңызды және мағыналы екенін еске салады.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР АЗ ЕМЕС

Ғылым айлығы аясында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде алғашқы халықаралық экологиялық марафон өтті. Марафонның мақсаты – қолайсыз фактордың салдарын азайту жөніндегі мәселелерді талқылау, қоршаған орта, сумен жабдықтау және Арал өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуы саласындағы жобаларды іске асыруға жәрдемдесу, сондай-ақ экология және табиғи ресурстар саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту. 2024-2026 жылдары Қазақстан Аралды құтқару халықаралық қорына төрағалық етеді. Әртүрлі елдердің білікті ғалымдары Аралды құтқаруға және өңірдегі экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған бірлескен мемлекетаралық экологиялық, ғылыми-тәжірибелік бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асырумен айналыспақ. Қорқыт Ата университеті қоршаған ортаны сақтау және теріс әсерді азайту жұмыстарына белсенді атсалысуда. Бұл Қазақстандағы экология және тұрақты даму саласындағы маңызды рөлін растайды. Бұл ретте «Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» білім беру бағдарламаларының жетекшісі, техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Гүлнар Сыдықовадан университетте қоршаған ортаны қорғау жобалары туралы білдік.

– Университетте қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер үшін күн және жел электр станцияларын белсенді түрде пайдаланамыз. Жалпы жел және күн электр станциялары тұрақты дамуда маңызды рөл атқарады. Бұл қоршаған ортаны ластамайтын таза өндіріс көзі. Бұл жаңартылатын энергия көздерін және олардың экожүйеге әсерін зерттеуге мүмкіндік береді. Күн батареялары мен жел станциялары тікелей университет аумағында орнатылған. Олар бізді энергиямен қамтамасыз етіп ғана қоймай, біздің зерттеулерімізге, тәжірибеге негіз болады. Студенттер мен оқытушылар бұл технологиялардың қоршаған ортаға тигізетін әсерін азайтуға қалай көмектесетінін зерттеу үшін бірге жұмыс істейді. Біз қоршаған ортаға ең аз әсер ететін энергияның максималды мөлшерін алу үшін олардың жұмысын қалай оңтайландыру керектігін зерттеп жатырмыз. Біз сондай-ақ бұл технологияларды қалалық инфрақұрылымға қалай біріктіруге және үйде пайдалануға болатынын зерттейміз. Біздің мақсатымыз – жаңартылатын энергия көзін барлығына тиімді ету. Жел электр станциялары парниктік газдарды шығармайды және қазба отындарына тәуелділікті азайтуға көмектеседі. 2021 жылы «Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» кафедрасы жанында қуаты 18кВ күн-жел электр станциясы ашылды. Қазіргі таңда станциядан қуаты 18кВ болатын электр энергиясын өндіреді. Өндірілетін электр энергиясы 5 оқу ғимаратының ауласын жарықтандыруға және асхананы жарықтандыруға жұмсалып жатыр. Сонымен қатар 2023 жылы күн-жел электр станциясы Қазақстан мен Корея Республикасының Е3 конвергенция технологиясы және көміртекті бейтарап қолдау жөніндегі бірлескен зертханасы атанды, – дейді қауымдастырылған профессор Гүлнар Сыдықова.

«Апталықтың» инфографикасы

«ECO LIFE» ҮЙІРМЕСІ

Экологиялық мәселелер өзекті болып отырған заманда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері қоршаған ортаны қорғау жұмыстарына белсене қатысуда. Олар тек теорияны оқып қана қоймай, алған білімдерін іс жүзінде қолдана отырып, аймақ экологиясының сақталуына үлес қосып жүр. Біз олардың кейбір бірегей жобалары, соның ішінде жаңартылатын энергия көздерімен жұмыс, қалдықтарды қайта өңдеу, қалалық флораны зерттеу, ғалымдар мен зерттеушілердің жаңа ұрпағы экологияға деген көзқарасты қалай өзгертіп жатқанын білдік.

– Студенттеріміз өсімдіктер мен ағаштардың түрлерін зерттеп, ботаника саласында белсенді түрде зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Бұл зерттеулер тек теориямен шектелмейді, студенттер алған білімдерін практикада белсенді түрде қолданады. Университетте «Eco life» клубы жұмыс істейді, онда студенттер әртүрлі бұйымдар жасау үшін қайта өңделген материалдарды пайдаланады. Бұл шығармашылық дағдыларды дамытуға ғана емес, сонымен бірге қалдықтарды азайтуға көмектеседі. Біз қалдықтарды қайта өңдеумен айналысатын компаниямен меморандумға қол қойдық, енді студенттер университет ғимараттарынан экобокстарға жиналған қалдықтарды одан әрі өңдеу үшін төрт түрге сұрыптап, қалдықтарға екінші өмір сыйлап, қайта өңдеу процесін тиімді етуде.

Біздің жобаларымыздың бірі калифорниялық құрттарға қатысты. Студенттер бұл құрттарды өсіріп, олардың топырақты жақсартуға қосқан үлесін зерттейді. Калифорния құрттары органикалық қалдықтарды құнарлы топыраққа айналдырып, компост жасауда белсенді қолданылады. Калифорния құрттары тұзды және жарамсыз топырақ сапасын жақсартуда маңызды. Олар органикалық қалдықтарды азот, фосфор және калий сияқты қоректік заттармен байытылған құнарлы топыраққа айналдырады. «Биология» мамандығының докторанты Дархан Даниярұлының «Бөлме өсімдіктерінің микроклиматын автоматтандыру» жобасы бар. Тәулігіне қажетті мөлшерімен суды тамшылап суару технологиясы өсімдіктің өзіне қажетті қолайлы ортаны құру, жаңа технолгиялар арқылы қажетті температураны ұстап тұруға пайдаланылады. Осы жоба аясында арнайы инновациялық құрылғылар қалыптасып, жетекші ғалымдардың қатысуымен мазмұндық толықтыру бағытында нысаналы жұмыстар жүргізіледі, сол арқылы «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының облыс көлемінде жүзеге асуына білім беру саласының да үлесі қосылады. «Жасыл мектеп» жобасы аясында мектепте республикалық форум өткізілді. Форум Қорқыт ата университеті мен мектеп арасындағы байланысты көрсетті. Форум аясында Күлбарам Сәдуақасқызы атындағы химия кабинеті ашылды. Облыстық білім басқармасының, облыстық оқу орталығының, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің және Әли Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейінің ұйымдастыруымен «Жасыл мектеп: экологиялық бағытталған оқытудың инновациялық шешімдері» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференцияның мақсаты – экологиялық білім беру және табиғатты қорғау бағытында теориялық, практикалық дағдылары бар экологиялық сауатты тұлғаны қалыптастыру. Мектеп Л.И.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетімен бірлесе «Жасыл мектеп – жасыл колледж – жасыл университет» бағытында қазақстандық және шетелдік ғалымдар мен практиктерді ақпарат алмасу мақсатында халықаралық конференция ұйымдастырады. Университетте «Жасыл мектеп» жобасы – білім алушылардың табиғатқа құндылық қатынасын қалыптастыруға, білім берудің экологиялық бағыттылық деңгейін арттыруға, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелері бойынша жастардың хабардар болуына, өскелең ұрпақтың табиғатқа жауапты көзқарасын тәрбиелеуге, экологиялық сауатты мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған кешенді білім беру жобасы.

– «Жасыл мектеп» пилоттық жобасының облыстық тірек білім беру ұйымы – №101 мектеп-лицейі базасында ғылыми негізделіп, сараптамадан өткен жобалар облысымыздың басқа білім беру ұйымдарына таратылып отыр. Облыстағы «жасыл мектептер» желісі жасалып, жүйе бағдарлама арқылы басқарылады. Қоршаған ортаны қорғауда жобаның үлкен көмегі тиеді. Қаладағы ағаштарды зерттеуге арналған жобамыз да бар. Студенттер жасыл желекті көбейтіп, ауаны тазартатын ағаштардың қай түрі қалалық орталарға қолайлы екенін біледі. Жалпы біздің студенттер қоршаған ортаны қорғау және тұрақты дамуға бағытталған жобаларға белсенді қатысады. Біз студенттеріміздің білім алып қана қоймай, оны іс жүзінде белсенді түрде қолданып, планетамыздың сақталуына үлес қосып жатқанын мақтан тұтамыз, – дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» кафедрасының аға оқытушысы Светлана Жүргенбайқызы.

«ЖАСЫЛ МЕКТЕП» ЖОБАСЫ

Қаладағы Әли Мүсілімұлы атындағы №101 мектеп-лицейі білім беру саласындағы үздік мектеп. Білім ошағы «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының жүзеге асырылуы мен экологиялық білім беруді дамыту мақсатында 2021 жылдан бастап «Жасыл мектеп» пилоттық жобасын ендіру бойынша тірек білім беру ұйымы ретінде бекітілген болатын. «Жасыл мектеп» жобасы – білім алушылардың табиғатқа құндылық қатынасын қалыптастыруға, білім берудің экологиялық бағыттылық деңгейін арттыруға, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелері бойынша жастардың хабардар болуына, өскелең ұрпақтың табиғатқа жауапты көзқарасын тәрбиелеуге, экологиялық сауатты мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған кешенді білім беру жобасы.

– «Жасыл мектеп» пилоттық жобасының облыстық тірек білім беру ұйымы – №101 мектеп-лицейі базасында ғылыми негізделіп, сараптамадан өткен жобалар облысымыздың басқа білім беру ұйымдарына таратылып отыр. Облыстағы «жасыл мектептер» желісі жасалып, жүйе бағдарлама арқылы басқарылады. Қоршаған ортаны қорғауда жобаның үлкен көмегі тиеді. Қаладағы ағаштарды зерттеуге арналған жобамыз да бар. Студенттер жасыл желекті көбейтіп, ауаны тазартатын ағаштардың қай түрі қалалық орталарға қолайлы екенін біледі. Жалпы біздің студенттер қоршаған ортаны қорғау және тұрақты дамуға бағытталған жобаларға белсенді қатысады. Біз студенттеріміздің білім алып қана қоймай, оны іс жүзінде белсенді түрде қолданып, планетамыздың сақталуына үлес қосып жатқанын мақтан тұтамыз, – дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» кафедрасының аға оқытушысы Светлана Жүргенбайқызы.

«Жасыл мектеп» жобасы аясында мектепте «Жасыл сақшы» эковолонтерлар тобы бар. Эковолонтерлар мектептің тірі табиғат бұрышындағы және сыныптардағы гүлдерге ерекше күтім көрсетуде. Сонымен қатар мектеп ауласында оқушыларға демалыс аллеясы құрылған. Қазіргі таңда мектеп аллеясында ағаштың 20 түрі, гүлдердің 30 түрі егілген.

– «Жасыл сақшы» эковолонтерлер тобы гидропоника әдісі арқылы аквапоника құрылғысында жасылдар өсірілуде. Сондай-ақ мектебімізде оқушыларға жаратылыстану пәндерінде теориямен қатар практикалық жұмыстарды жүзеге асыру, оларды еңбекке баулу, келешекте жылыжай ісінің маманын дайындап, қысы-жазы балғын көкөністермен қамтамасыз ету мақсатында жылыжай жұмысы үшінші жыл қатарынан жұмыс жасауда. Жылыжайда көкөністер минералды мақта мен ағаш үгіндісінде өсіріледі. Көкөністер тамшылап суару тәсілі арқылы суарылады. «Жасыл сақшы» эковолонтерлер тобы табиғатты қорғау мақсатында мектептен шыққан қалдықтарға сауалнама жүргізу арқылы ең көп жиналатын қалдық қағазбен картон қалдықтарынан үгіту және престеу әдісі арқылы қағаз бен картоннан жеңіл және тиімді биоотын жасады. Сонымен қатар «Жасыл сақшы» эковолонтерлар тобы құрамы сүт, айран, қымыз, түрлі өсімдік майлары мен шөп қайнатпаларынан тұратын экологиялық табиғи сабындар жасап шығарып жатыр. Мектепте «Eco sneki» атты экологиялық таза кептірілген жемістер бренді бар. Олар мектепте экологиялық таза жемістерді арнайы дегидратор аппаратында кептіреді. Дүниежүзілік биоалуантүрлілік туралы әдебиеттерге шолу жасап, жануарлар түрлері мен қоршаған орта нысандарының халықаралық деңгейде қабылданған күндерін анықтау арқылы виртуальды экокүнтізбе әзірленді. Мектебімізде экологиялық сауаттылықты қалыптастыру және экологиялық тәрбиені насихаттау мақсатында, Tedx форматында экосағат өтуде. Экологиялық білімді қалыптастыруда QR код арқылы мультимедиялық ақпаратпен қамтылған эко әліппені қолданысқа енгізе отырып, танымдық білімдерін кеңейтуде. Сонымен қатар жақында «Жасыл мектеп» жобасы аясында арнайы мобильдік қосымшасы мен сайты іске қосылды, – дейді мектеп директоры Айгүл Алтынбекқызы.

Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күнінде планетаға әсеріміз бен әлемді таза және жасыл ортаға айналдыру, қоршаған ортаны қалай өзгертуге болатыны туралы ойланайық. Бұл күн бәріміз үшін экологиялық мәселелерге жауапты болашақтың бастамасы болсын. Есіңізде болсын, табиғатқа қамқорлық жасау тек мемлекеттің ғана емес, әрқайсымыздың міндетіміз. Табиғатты аялап, келешек ұрпақ үшін бірге қоршаған ортаны қорғайық. Себебі біз бірге әлемді өзгерте аламыз.

София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

ҚҰМАР ОЙЫННЫҢ ҚҰРСАУЫ

ОЙЫН ОЙНАП, ҚАРЫЗҒА БАТТЫ

Бұл – қарт ана Гүлсім Ажарбекованың сөзі. Кейіпкеріміздің төрт баласы бар. Бәрі де оқыған, өз кәсібін тапқандар. Бірақ кенжесі жасы қырықтан асса да, шаршатып тұрған сыңайлы.

– Апа, мен тілшімін. Жағдайыңыз қалай? – деп ақырындап ашық сөйлесуге шақырғанымма еш қарсылық білдірмеді. Бізді күткендей, бірден келісе кетті.

– Жасым жетпіске таяды. Қолда кенже балам бар. Қалған өмірде соның қызығын көреміз бе деп әкесі екеуміз күтіп жүрсек, ол бір ойын ойнап, қарызға әбден батып жүр. Дәл осы кезде шалым екеуміз зейнетақымызды аламыз да, соның ай сайынғы несиесін төлейміз. Бір емес, бірнеше банктен несие алыпты. Бар ақшасын ойынға салған. Неғылған ойын екенін біз түсіне алар емеспіз? Қазір осындайлар көбейіпті. Бұл да қазіргі қоғамның дертіне айналды. Амал жоқ, өз туғанын болған соң далаға тастайсың ба? Күресеміз ғой, ақылымызды айтамыз, қолдан келгенше түзу жолға түсуіне ықпал етіп жатырмыз. Анасы болған соң көнеді екенсің. Бірақ әкесі қатты ашулы.

Жақында осы ұлдың кесірінен әкесі ауырып қалды. Сол кезде балам ойынды қоям деп уәдесін берді. Содан енді басқа облысқа бір айға жұмысқа жібердік. Ең болмағанда, жалақысын алып, несиесін төлеп отырса болар. Бізді асырамай-ақ қойсын. Тек тыныш жүрсе екен деп тілеп отырмын. Кәрілік келгенде мұндайға тап болған қиын екен. Балаңның рахатын көрмеген соң бәрі бекер, – дейді кейуана жабырқаулы күйде.

Бізбен әңгімелесіп болған соң кейіпкеріміз банкке қайта кіріп, мамандарынан ұлының аты-жөнін айтып, «егер балам қайта келіп, несие алса, несие бермендерші» деген өтінішін жеткізді. Ал банк менеджерлері «еш уайымдамаңыз, балаңыз қара тізімде тұр. Несие заңдылығы бойынша ондай тізімде тұрған тұтынушыларға несие рәсімделмейді» деп жауап берді. Қарт ананың алаңдайтын себебі де бар, ұлы бір банктен миллион теңге несие рәсімдеген. Миллион теңгенің де қайда кеткені белгілі. Өкінішке қарай ойынға...

ЖАРНАМАСЫ ЖЕР ЖАРҒАН ҚҰМАР ОЙЫНДАРҒА ТОСҚАУЫЛ БАР МА?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы лудоманияны психикалық ауру деп танып, оның кесірі сан алуан болғанына қарамастан елімізде құмар ойындардың жарнамасына заңды түрде тыйым салынған жоқ. Демек, өз өмірін құрбандыққа шалушылар кезекте тұр... Осы мәселені Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов көтерді.

Біз қоғамның дертіне айналған құмар ойындардың жарнамасы жер жарып, заң тұрғысынан ешқандай тосқауыл болмаған соң елдегі ересектер ғана емес, балалар да құмар ойынға қызығып тәуелділердің қатары жыл сайын өсіп жатқанын жиі айтып жүрміз. Өмірден адасып жүрген адамдар жарнамаға елітіп, ертеңіне балта шаппасына кім кепіл? Өйткені ел аралағанда көз жасын төккен ата-аналарды көп көрдім. Осы букмекерлік кеңселерді жағалап, бәс тігетіндердің көбі жастар болып тұр. Ал олардың әлеуметтік статусы да әртүрлі. Сондықтан елдегі казино мен букмекерлік кеңселерді, ойын автоматтары мен жеңімпазы жоқ ойын түрлеріне жарнама жасауға тоқтау салып, спорттық жарыстарға демеушілік көрсетуге тыйым салған жөн деп санаймын, – дейді Мәжіліс депутаты.

ЛУДОМАНДАРДЫҢ ӨЗ АЙТАРЫ БАР

Алғашқыда қаражат табу емес, жай қызық көру, достарымен бірге көңіл көтеру, демалу мақсатында ғана ойнаудан басталатын бұл кесел екінің бірін құрбан ететінін көп адам біле бермейді. Бұл есікті ашпау керек. Ашып, ішіне кірдің бе, қайта шығуың екіталай. Ол бүкіл өміріңді, отбасыңды, бала-шағаңды, туған-туысыңды, жұмысыңды – бәрін де ұмыттыратын жер. Оның жас талғамайтыны өз алдына, тіпті адамның материалдық жағдайына да қарамайды. Өйткені құмар ойынға елітіп, бүтін байлығын казиноға қалдырып немесе онлайн бәске тігіп жатқандардың бәрі жағдайы төмен адамдар емес, олардың арасында танымал әртістер мен бай-бағландар да жетерлік. Бірақ басым көпшілігі – жасөспірімдер. Олардың жалпы қарызын әрбір ойыншыға шаққанда, 10 млн теңгеден келеді. Елімізде дәм-тұзы жараспаған 10 отбасының 7-еуі құмар ойындардың салдарынан ажырасады екен.

«Ойнаймын деп, от басқан» жандардың бәрін білімсіз, ақылсыз деуге ауыз бармайды. Жоғарыда айтқанымыздай, бір басына жететін байлығы бар адамдар да, жоғары білімді, өмір көрген жандар да кейде құмар ойынның құрбанына айналып жататынын көріп жүрміз. Ондай адамдар дер кезінде өз-өзін тоқтатпаса, біртіндеп бүкіл дүние-мүлкін, көлігін, тіпті жалғыз баспанасын сатып, ақшасын құмар ойынның «құдығына» құяды. Таныстарынан қарызға ақша алып, оны қайтармай жексұрын болады. Ұрлық-қарлық жасайды. Ең соңында тақырға отырып, барар жері, басар тауы қалмағанда кейбірі қылмыс жасап түрмеге отырады, не суицидке барады, енді бірі «осындай жағдайға қалай түстім, қайтіп құтыламын?» деп өз ішінде жаман мен жақсы, ақыл мен нәпсі арпалысқа түсіп, тығырықтан шығар жол іздейді.

Қазір интернетте ойынқұмарлыққа салынып, өмірін талқан қылған адамдар өз оқиғаларымен бөлісетін форумдар бар. Оқып отырсаңыз, әркилы тағдыр, бірақ бәрінде ұқсас бір проблема. Біршама уақыт бұрын Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев өз парақшасында ойынқұмарлық туралы жазба қалдырғаннан кейін оның жеке чатына көп адам өз оқиғаларын жазған. Солардың бірі – мектепті «Алтын белгімен» бітіріп, университетті үздік аяқтаған жас жігіттің оқиғасы. Ол да онлайн-казиноға бір рет «бәс тігіп көремін» деп оның басыбайлы «тұтқынына» айналған.

«Алғашында таныстарыма 150-200 мың теңге көлемінде қарыз болып жүрдім. Қайтаруға шамам келмей, қадірім кетті, абыройым төгілді. Қашқан кездер болды. Кейін жұмысқа кіргенде қарызым тіпті миллиондаған теңгеге өсіп кетті. Әріптестерім өмірімнің «көлеңкелі жағын» білмейтін. Кейін банктерден жұмыс орнына хат келе бастағаннан кейін, бір жерде ұзақ жұмыс істей алмайтын жағдайға жеттім. Бір ауылдың үміт күттірген баласы едім. Ақыры Астанаға қаштым. Сонда жұмыс істеп жүріп, ойынқұмарлықты бәрібір тоқтата алмадым. Букмекерлік кеңседе қонған күндерім көп болды. Қайыршының күйіне түстім. Бір күні қарным ашып отырып, «осы маған не жетпейді? Неге мен осындай күйге түстім?» деп көп ойландым. Ауылға барып, анама бар шындықты айттым. 27 жасқа дейін ойынқұмарлықпен өмірімді өткізгеннен кейін миллиондаған қарызымды жабу үшін құрылысқа жұмысқа кірдім. Осы кезде 1 миллион теңге ғана қарызым қалды. Мен бұл бәледен құтыламын», – деп жазыпты ол.

Осындай күй кешіп жүрген қала тұрғыны Айбек Болатұлы да өз ойымен бөліскенді жөн көрді.

– Биыл жасым 26-ға толды. Жасырмаймын, басында қызығушылықпен ойын ойнадым. Ол кезде қалтамдағы ақшамды салып жүрдім. Кейіннен ол ақшаны ұттырған соң соның орнын толтыруды көздедім. Жан-жақтан қарыз ала бастадым. Ақыр соңында өзімді тоқтата алмай қалдым. Несиені де алдым. Жедел несие беретін орталықтан да қарыз алып, оны да жұмсадым. Ата-анам біледі. Сөйледі, анам жылап та алды. «Қоямын» деп уәде бергенмен ойынға оралғың кеп тұрады. Енді осы кезде қалада жұмыс істеп жүрмін. Қарыздарды қайтару қажет. Ал ойынды ойдан шығаруға тырысып жүрмін. Өзімді солай жеңермін деп ойлаймын. Жалпы қазір мен секілді түрлі ойға батып, ойынның соңына түсіп, қарызға кірген жастар өте көп. Айналып келгенде, бәріне өзіміз кінәліміз, өзіміз қолдан жасап аламыз. Бірақ ойланып, тура жолға түсу ешқашан кеш емес, – дейді Айбек.

ПСИХОЛОГ НЕ ДЕЙДІ?

Мамандардың айтуынша, кез келген тәуелділік адамға жағымды көңіл күй сыйлау арқылы пайда болады. Ал ойынқұмарлықтың жағымды тұсы – ұтыс. Қолында нақты ұтқан ақшасы болмаса да, ол адамға үміт сыйлайды. Жоққа алдандырады. Психологтар адамның құмар ойынға салынуының бірнеше себебі бар екенін айтады.

– Біріншісі – жалғыздық сезімі. Ойынханаға табалдырығын аттаған жан сол жерде уақытын өткізіп, ниеттес достар тауып, жалғыздығының орнын толтырғандай болады. Құмар ойын барысында алған әсері оны қайтадан осы жерге алып келеді. Осылайша қалай тәуелді болып қалғанын аңғармайды. Екінші себеп – адамның өз-өзіне көңілі толмауы. Отбасында, жұмысында, достары арасында, жалпы өмірде жолы болмаған адам өзін құмар ойын арқылы көрсеткісі келеді. Ол жерде жеңіл жолмен қомақты пайда тауып, шынайы өмірге қарағанда «жеңімпаз» болып шығуды көздейді. Қолына аз-маз ұтыс түскен сайын одан да үлкен қаражат ұтармын деп «қарыздың тұңғиығына» бата береді. Үшінші себеп – оңай ақша табу. Еңбек етпей, олжаға кенелу – қиялдағы «миллионерлердің» басты арманы. Төртінші себеп – адамның түрлі тәуелділіктерге оңай берілгіштігі. Қазіргі тілмен айтқанда, «сынғыштық». Ойынқұмарлық – қызылды-жасылды дүниеге, жаңа сезімдерге еліктегіш адамдар үшін қатерлі. Мұндай жандар құмар ойынның «дәмін» бір татып көрсе, оған қайта айналып келуі әбден мүмкін. Сонымен қатар түрлі психикалық ауытқушылықтар да ойынқұмарлыққа берілуге итермелейтін себептердің бірі. Оған қоса қарыздан көз ашпайтын адамның кез келген уақытта қылмысқа барып, өз-өзіне қол салмауына кепілдік жоқ. Себебі ойынқұмарлық – психологиялық ауру. Тәуелділікке ұшыраған адамдар көп жағдайда өз әрекетіне есеп бере алмайды, – дейді психолог Гүлбаршын Ниязова.

ЕМДЕЛУГЕ БОЛА МА?

Психологтың айтуынша, өзі лудоманиядан емделген адамның толықтай сауыққанына 100 пайыз кепілдік бермейді. Өйткені құмар ойынға құмарлық – дауасы жоқ дерт. Алайда мамандар лудоманиядан арылу және емделу үшін ең алдымен сол адамның өз қалауы мен еркі болуы керек екенін айтады. Егер өзі қалап тұрмаса, оның бетін бері қарату қиын. Дегенмен бұл жазылмайтын ауру, шешілмейтін түйін емес. Калифорнияның ойынқұмарлық проблемалары жөніндегі кеңесі бұл тәуелділіктен арылу үшін ең бастапқы қадамдар ретінде мынадай ұсыныстарын жасаған: ойынға қанша қаражатыңды және уақытыңды жұмсайтыныңды алдын ала шешіп ал, қазір ұтамын деп емес, ұтыламын деген сеніммен ойна. Құмар ойынды табыс көзі емес, көңіл көтеру ретінде сана, егер қандай да бір ұтысқа қол жеткізсең, қуан, бірақ мұндай олжа енді қайталанбауы мүмкін екенін өз есіңе сал. Шаршап, көңілсіз немесе ашуланып тұрғанда ойнама. Құмар ойынға қанша уақытың мен ақшаңды жұмсағаныңды тұрақты түрде жазып жүр, достарыңның көзқарасына көңіл аудар. Егер олар сенің ойыныңды ұнатпаса, олар сен көрмеген бір себепті көріп тұр. Тек өз ақшаңа ойна. Қарыз алма. Құмар ойын белгілі бір заңға бағынбайтынын, ұтыс кездейсоқ болатынын және сен оған әсер ете алмайтыныңды есіңде ұста. Ойын арасында үзіліс жасап, көшеге шығып жүріп қайт. Ойын барысында спиртті ішімдік ішпе, санаң сау болсын. Құмар ойын мен басқа да демалыс түрлерін тең ұстауға тырыс. Құмар ойынға барғанда қасыңда ойынға салынбаған досың болғаны жөн. Ұтылыстың орнын толтырам деп жағдайды қиындатпа, құмарлыққа қатты беріліп бара жатсаң, өзің сенетін адамдармен ақылдас.

Жоғарыда айтылғандай, бұлар – лудоманиядан арылу үшін ең бастапқы қадам. Егер мұның пайдасы болмаса, дереу психолог мамандардың көмегіне жүгінген жөн. Өйткені ойынқұмарлық – нашақорлық, маскүнемдік секілді салдары өте ауыр дерт.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ.

Шындап келгенде бұл – өте өзекті мәселе. Себебі осыдан қанша адам қиналып жүр. Ойынқұмарларды айтпағанда, олардың отбасылары қандай күй кешіп жүргенін жеткізудің өзі оңай емес. Жоғарыда кейіпкеріміз секілді жылап жүрген аналарымыз қаншама?

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Сурет ашық дереккөздерден алынды

Басы 1-бетте

CNN CNN CNN

БЕЙБІТ КҮННІҢ ХАБАРЫ

ХАМАС пен Израиль арасындағы әскери қақтығыс ұзап барады. Жанжал ошағынан жылжи-жылжи шекараға жеткен босқындардың күйі, гуманитарлық көмектің мардымсыз жүйесі жағдайды біржақты ететін уақыт жеткенін көрсеткендей. Оның үстіне Израиль тарапы БҰҰ-ның ескертуін елемей, Палестина жеріндегі Рафахты зымыранмен атқылағалы жағдай одан сайын ушығып, наразылық көбейді. Бүгінде АҚШ президенті Джо Байден қос тарапқа бітімге келу ұсынысын білдіріп, соғысты тоқтатуға әрекет жасауда. Соңғы мәмілелер алда жағымды жаңалық болуы мүмкін екенін білдірді.

АҚШ Израиль мен ХАМАС өкілдеріне бітім шартын ұсынды. Израиль әлі де болса келісімге келуге ынта танытқанымен, ел ішіндегі қарсылық бұған мүмкіндік бермей келеді. Жақында Израильдің қаржы министрі Бецалель Смотрич пен ұлттық қауіпсіздік министрі Итамар Бен-Гвир ел билігіне талап қойды. Айтуларынша, егер Биньямин Нетаньяху Джо Байден ұсынған бітім жоспарына келіссе, кос министр қызметтен кетіп, төңкеріс жасайтын ойы бар. Олар бұл туралы X (бұрынғы twitter –авт.) әлеуметтік желісінде хабарлады.

Дүйсенбіде CNN арнасының тілшілері Евгения Йосеф, Софи Танно және Бенджамин Браун аталған жаңалықты саралап, арна сайтына зерттеу жариялады. Онда оқиғаның саяси жағдайға әсері, биліктегі иерархия, ықтимал шешім бағыты қаузалыпты.

«Екі министрдің жақтаушылары Израиль әскерінің Газа секторынан шығуына, босқындардың бұрынғы қоныстанған аумағына қайта келуіне және елдегі ХАМАС тұтқындарын босатуға түбегейлі қарсы. Министрлер соғысты соңына дейін жеткізуді талап етіп отыр. Әйткенмен бұл – қиын шешім. Себебі елдегі оппозиция – солшыл «Еш Атид» партиясының өзі Джо Байден жоспарына келісуде. Тіпті әлеуметтік желіде партия өкілі Яир Лапид министрлер биліктен кетсе, орнына баруға ниетті екенін жеткізді», – деді тілшілер.

Айта кетейік, Байден үш кезеңнен тұратын бітім жоспарын 31 мамырда ұсынған болатын. Алғашқы кезеңде алты апталық бітім жарияланып, Израиль әскері Палестина жерінен толық шығуы шарт. Артынша кепілдегі азаматтар босатылып, босаған өңірге күніне 600 гуманитарлық жүк көлігін өткізуге мүмкіндік жасалмақ.

Кейінгі кезеңде ХАМАС пен Израиль соғысты толық тоқтату туралы келісімге қол қояды. Соңғы кезеңде Палестина аумағын қалпына келтіру шарасы жалғасады деп жоспарланған.

Десе де бұл жоспар айтылған соң 1 сағат өтпей, Нетаньяху ХАМАС толық жойылмайынша, соғыс тоқтамайтынын жеткізсе, Палестина тарапы жоспармен келісетінін айтқан.

«Қос министр бұл жоспарды негізсіз санайды. Айтуларынша, бұл қадам – терроризм жеңісі әрі Израиль мемлекетінің қауіпсіздігіне қатер. Оның үстіне, ұсынылған жоспарды мақұлдау жеңіс емес, жеңіліс екенін жеткізуде. Бен-Гвир болса, билік Байденнің ұсынысын қабылдаса, «Оцма Йехудит» партиясы үкіметті таратуға ықпал жасайтынын жасырмады», – деді авторлар.

Қазіргі таңда тақырыпқа қатысты сарапшылар пікірі әртүрлі. Көбі Байденнің бітім жоспары өзіне ғана керек деген ойда. Яғни алдағы АҚШ Президентінің сайлауында дауыс жинау үшін жасалған қадам деген пікір басым. Бұның себебі Палестинаның жақтастары түрлі митинг өткізіп, үнсіздікті АҚШ-тың сыртқы саясаттағы қателігі деп насихаттауда. Сондықтан Байден ұсынған жоспар қолдау тауып, екі тарап бітімге келсе, демократтардың беделі көтерілмек. Қалай десек те әліптің артын бақ қаннан басқа жол жоқ.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Ерсін ШАМШАДИН

Басы 1-бетте

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2892 **Тапсырыс №862**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА